

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334 және 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 қараша N 1775

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 қазандағы N 1522 P991522_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1334 P981334_ қаулысына:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IY "Шығыстар" бөлімінде:

12 "Көлік және байланыс" функционалдық топтың 2 "Байланыстар жүйесі" ішкі функциясындағы "215 Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі" мемлекеттік мекемесі" деген сөздер "611 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесі деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 P981335_ қаулысына:

аталған қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық атқарушы органдар әкімшілік ететін бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесінде:

215 "Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі" мекемесі бойынша:

32 "Арнайы байланыспен қамтамасыз ету" бағдарламасы алынып тасталсын;

30 "Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет" кіші бағдарламасы алынып тасталсын;

610 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесінің 1 "Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар" бағдарламасының 1 "Орталық органның аппараты" кіші бағдарламасынан кейін мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"611. "Қазақстан Республикасының құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі"

мемлекеттік мекемесі, 32 "Арнаулы байланысты қамтамасыз ету" бағдарламасы, 30 "Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет" кіші бағдарламасы";
көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бағдарламаларды

орындайтын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ заңға сәйкес мемлекеттік мекемелер етіп қайта тіркеуге жататын мекемелердің тізбесінде:

"10 Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"10 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.